



ШЕВРОН КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖОЛЫ

нәтижелерге дұрыс жолмен жету

«Шеврон компаниясының жолы» біздің кім екенімізді, неге сенетінімізді, мақсатымызға қалай жететінімізді және болашақтағы жоспарларымызды түсіндіреді.

Бұл стратегия тек өзімізге ғана емес, сондай-ақ, бізбен бірлесіп қызмет ететін адамдар арасындағы жалпы өзара түсіністікті орнатуға арналған.

human energy®



мақсат

«Шеврон компаниясының жолы» негізінде қызметкерлердің кәсіпқойлығы, серіктестік байланыстары және өндірістік көрсеткіштерімен таң қалдыратын күллі әлемде мәртебелі энергетикалық компания болу деген ортақ мақсат жатыр.



адамзат прогресіне мүмкіндік туғызу

Біз әлемнің тұрмысы мен күш-қайратын алға жетелейтін қуатты жетілдіреміз.



ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Компаниямыз ерекшелігімізді көрсететін және әрекеттерімізге бағыт беретін құндылықтарымызға негізделген. Жұмысымызда әлеуметтік жауапкершілік пен іскерлік әдебінің қағидаларын сақтаймыз, сондай-ақ, біз жұмыс істейтін мемлекеттердегі заңдар мен жалпыға бірдей адам құқықтарын құрметтей отырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қараймыз және қоғамның тұрмыс сапасын жақсартамыз.

Стратегиялар

Біздің стратегияларымыз кез келген кәсіпкерлік ортада саладағы көшбасшы нәтижелерге қол жеткізу және акционерлеріміздің пайдасын қамтамасыз ету қызметіміздің бағытын белгілейді.

өзгешелікке құрмет білдіру және қызметкерлерді қатыстыру

Біз қызмет атқаратын елдердің мәдени ерекшеліктерін құрметтейміз және олардың негізінде танымымызды кеңейтеміз. Біз әр жеке тұлғаның бірегейлігін, тәжірибелер мен идеялардың сан алуандығын бағалайтын ерекше жұмыс ортасын жарыққа шығардық.

жоғары көрсеткіштер

Біз тамаша нәтижелерге қол жеткізуге және өз-өзімізді тұрақты түрде жақсартуға ұмтыламыз. Әрекеттеріміз бен олардың нәтижелері үшін жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз. Сыннан өткен тәсілдерді нысаналы мақсатына сай қолданамыз және қашанда инновациялық әрі серпінді шешімдерді іздестіреміз.

адалдық пен сенім

Біз өзімізге және өзгелерге адалмыз әрі өз міндеттерімізді атқарамыз. Бір-бірімізге сенім артып, құрметпен қараймыз және қолдау көрсетеміз. Әріптестер мен серіктестеріміздің сеніміне ие болу үшін жұмысымызды ең жоғары этикалық стандарттармен атқарамыз.

серіктестік

Әлеумет, мемлекеттік органдар, тапсырыс берушілер, мердігерлер және басқа да бизнес серіктестерімізбен бірлесе жұмыс атқара отырып, сенімді әрі өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға бет бұрамыз. Біздің жетістіктеріміз серіктестеріміздің жетістіктеріне негізделген.

адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау

Қызметкерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігін, өндірістік нысандарымыз бен қоршаған ортаны қорғау біз үшін аса маңызды іс болып табылады. Елеулі зардаптарға ие оқиғалардың алдын алуға назар аудара отырып, қызметімізді әлемдегі ең жоғары стандарттардың деңгейінде атқарамыз.

негізгі бизнес стратегиялар

Барлау және өндіру

Аса құнды ресурстарды өңдеу мүмкіндіктерін пайдалана отырып, саладағы ең жоғары нәтижелерге жету

Қайта өңдеу, өткізу және химиялық өндіріс

Саладағы ең жоғары нәтижелерді көрсету мақсатында өндірістік тізбектің барлық кезеңдерінде пайданы өсіру және нысаналы инвестициялау

Газ және тасымалдау

Барлау және шығару саласында да, қайта өңдеу, өткізу және химиялық өндіріс саласында да табысқа жету үшін жоғары дәрежелі операциялық, коммерциялық және техникалық сараптамалық білімді пайдалану

кәсіпорын стратегиялары

Адамдар

Нәтижеге лайықты түрде қол жеткізуге мүмкіндік беретін аса білікті қызметкерлер ұжымын құру және кеңейту үшін адами ресурстарға инвестиция салу.

Атқарушылық

Ең жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу жүйелерін мүлтіксіз қолдану, капиталды басқару және шығынды бақылау арқылы үздік нәтижелерге жету

Даму

Бәсекелестік артықшылықтарымызды қолдану арқылы табысты көтеру

Ең жоғары технологиялық және функционалдық тиімділік

Ең жоғары технологиялық және функционалдық тиімділік арқылы өнімділікті жетілдіру

